

Ғылыми кеңестің
2026 жылғы «20» ақпанның
шешімімен бекітілді
Хаттама №10

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің
Басқарма төрағасы, Ректоры,
профессор И.О. Дулатбеков



**«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және
өңірлік олимпиадалардың жеңімпаздарына және (немесе)
халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына
академик Е.А. Бөкетов атындағы атаулы стипендияны
беру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ»**

*(20.02.2026 ж. Ғылыми кеңестің мәжілісінде
№10 хаттамамен өзгерістер енгізілді).*

I. Жалпы ережелер

1. Осы ЕРЕЖЕ 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР «Білім туралы» Заңы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Жарғысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 7 желтоқсанындағы №514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемдерін бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірленді.

2. ЕРЕЖЕ 9, 10, 11 сыныптарда оқу кезеңінде халықаралық олимпиадалардың (I, II және III орын), 10,11-сыныптарда оқу кезеңінде республикалық олимпиадалардың (I, II, III орын) және 11-сыныпта оқу кезеңінде Қарағанды облысының жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиадасының (I орын) жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне (№1 қосымша), Әлем Чемпионаттарының (Олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне; Азия Чемпионаттарының (Олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, Жастар Олимпиадасының (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, халықаралық жарыстардың (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздарына, ағымдағы жылғы республикалық жарыстардың жеңімпаздарына «Академик Е.А. Бөкетов атындағы атаулы стипендиясын» (бұдан әрі – атаулы стипендия) беру тәртібін белгілейді).

(өзгерістер 20.02.2026 ж. Ғылыми кеңестің мәжілісінде №10 хаттамамен енгізілді және толықтырылды).

2. Атаулы стипендияны тағайындау және төлемді тоқтату тәртібі

3. Атаулы стипендияны тағайындау үшін үміткерлердің кандидатуралары университеттің Қабылдау комиссиясы отырысында айқындалады. *(өзгерістер 20.02.2026 ж. Ғылыми кеңес мәжілісінде №10 хаттамамен енгізілді).*

4. Университетке қабылданғаннан кейін үміткер Қабылдау комиссиясына осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген жетістіктерін растайтын құжаттарды ұсынады.

Ережеге сәйкес квота белгіленеді: әр факультетке бір атаулы стипендия *(өзгерістер 20.02.2026 ж. Ғылыми кеңестің мәжілісінде №10 хаттамамен енгізілді).*

5. Атаулы стипендия алуға үміткерлердің кандидатуралары ректордың бұйрығымен құрылған конкурстық комиссияның отырысында қаралады.

Бір факультет бойынша бірнеше үміткер болған жағдайда жоғары деңгейдегі (халықаралық, республикалық, өңірлік) дипломы бар және жоғары орын алған (I орын II және III орындардан артықшылығы бар) кандидатқа басым құқық беріледі; көрсетілген көрсеткіштер тең болған жағдайда ҰБТ сертификаты бойынша ең көп балл саны ескеріледі. Комиссия төрағасы кандидатураларды бекіту үшін комиссияның шешімін Ғылыми кеңестің отырысына ұсынады. *(өзгерістер 20.02.2026 ж. Ғылыми кеңес мәжілісінде №10 хаттамамен енгізілді).*

6. Студенттердің атаулы стипендия тағайындауға кандидатуралары бекітілгеннен кейін ректордың бірінші академиялық кезеңге стипендия тағайындау туралы бұйрығы шығарылады.

7. Академик Е.А. Бөкетов атындағы атаулы стипендия айлық мемлекеттік стипендияға балама мөлшерде төленеді.

8. Атаулы стипендия төлемін ұзарту факультет деканының өтініш хаты мен факультет кеңесінің шешімі негізінде қысқы/жазғы емтихан сессияларының қорытындылары бойынша «өте жақсы» және «жақсы» (үлгерімнің орташа балы – кемінде 3,5 балл) бағалары бар, студенттердің транскриптпен расталған оқу жетістіктерінің нәтижелері ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

9. Атаулы стипендияны төлеу мынадай жағдайларға байланысты тоқтатылуы мүмкін:

- стипендиаттың университеттен оқудан шығарылуы;
- басқа білім беру бағдарламасына ауысуы;
- емтихан сессиясының нәтижелері бойынша берешектердің және қанағаттанарлықсыз бағалардың болуы;

- стипендияттың 6 ай және одан да көп мерзімге ұзақ іссапарда болуы (академиялық ұтқырлық);

- ішкі тәртіпті бұзуы;

- басқа атаулы стипендия алуы;

- академиялық демалыс алуы кезінде. *(өзгерістер 20.02.2026 ж. Ғылыми кеңес мәжілісінде №10 хаттамамен енгізілді).*

10. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы атаулы стипендиясы» атаулы стипендияны тағайындау туралы бұйрық шығарылған күннен кейінгі айдың 1-ші күнінен бастап университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен есептеледі және төленеді.

11. Атаулы стипендияны төлеуді тоқтату туралы шешім академиялық жұмыс департаментінің директорымен және академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісім бойынша тиісті факультет деканының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

3. Қорытынды ережелер

12. Осы ЕРЕЖЕ Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітіледі және Академиялық мәселелер жөніндегі департаментте сақталады.

13. Осы ЕРЕЖЕ Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

**Атаулы стипендия алуға құқылы жеңімпаздар қатыса алатын
олимпиадалар тізбесі**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар:

1. Математика пәні бойынша халықаралық олимпиада (IMO);
2. Физика пәні бойынша халықаралық олимпиада (IPhO);
3. Химия пәні бойынша халықаралық олимпиада (IChO);
4. Биология пәні бойынша халықаралық олимпиада (IBO);
5. География пәні бойынша халықаралық олимпиада (IGeo);
6. Информатика пәні бойынша халықаралық олимпиада (IOI);
7. Лингвистика пәні бойынша халықаралық олимпиада (IOL).

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық
олимпиадалар:**

1. 9-11 (12) сыныптар арасындағы жалпы білім беретін пәндер (15 пән) бойынша республикалық олимпиада (3-ші облыстық не өңірлік кезең).
2. 9-11 (12) сыныптар арасындағы жалпы білім беретін пәндер (15 пән) бойынша республикалық олимпиада (4-ші қорытынды кезең (республикалық)).

Спорттық жарыстар

Әлем Чемпионаттарының (Олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары мен жүлдегерлері;

Азия Чемпионаттарының (Олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары мен жүлдегерлері,

Жастар Олимпиадасының (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары мен жүлдегерлері,

халықаралық жарыстардың (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жеңімпаздары,

ағымдағы жылғы республикалық жарыстардың жеңімпаздары.